

## Қарақия ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 151 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына сәйкес, Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қарақия ауданы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 184 "Қарақия ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық үйымдарды бітіруші кемелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2300 болып тіркелген, 2013 жылғы 10 қарашасында "Қарақия" газетінде жарияланған);

2015 жылғы 13 наурыздағы № 94 "Қарақия ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2664 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірінде "Қарақия" газетінде жарияланған ).

2. Қарақия ауданы әкімінің аппараты (А. Таубаев) бір апта мерзім ішінде осы қаулының көшірмесін Маңғыстау облысының әділет департаментіне жіберуді және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудан әкімі

Ә. Дауылбаев

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қарақия аудандық жұмыспен қамту,  
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысының  
міндетін атқарушы А. У. Утарбаева  
23 мамыр 2016 жыл.